



КЕЙС ТЕХНОЛОГИЯСЫН БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

 Ахилбекова Мадина Исматалиевна¹,  Байташева Гаухар Умиралиевна

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті магистранты

Алматы қ., Қазақстан.

E-mail: axilbekova.madina@bk.ru

² Доцент, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Алматы қ., Қазақстан

Кілт сөздер

*Кейс технологиясы,
кейс стади әдісі,
инцидент әдісі,
дискуссия әдісі, Пенн
Стейт
университеті*

Аңдатпа

Кейс технологиясы – оқытушылардың дәстүрлі және қашықтықтан кеңес беруін ұйымдастыру кезінде мәтіндік, аудиовизуалдық, мультимедиялық оқу-әдістемелік материалдарды жинау және оларды пайдаланушылардың өз бетінше меңгеруіне негізделген, интерактивті әдістің бір түрі ретінде, студенттер үшін өте тиімді әдіс болып саналады. Бұл әдістің көмегімен студенттер өз беттерінше теорияны меңгере отырып практикалық дағдыларға да үйренеді, сонымен қатар өз ойын жүзеге асыру мүмкіндігіне де ие болады. Студенттер ситуацияға талдау жасау арқылы болашақ маман ретінде қалыптасып, сабақты қызығып оқуға тырысады. Кейс стади әдісі - оқытушының креативті ойлауын дамытып, сабақтың мазмұнын ерекше құруға шығармашылық мүмкіндігін кеңейтуге жағдай жасайды.

Кіріспе

Қазақстан еуропалық білім беру кеңістігіне тереңдеп кірігіп, болондық декларацияға мүше болып енгелі бері жоғары отандық білім беру саласы әлемдік стандарттарға сәйкестендіріліп, жаңа оқыту әдіс-тәсілдері оқу үдерісіне көптеп ендірілуде. Жаңа оқу технологиясында студенттің өзіндік жұмысына, яғни, өзін-өзі дамытуына анық басымдық берілуде. Осындай инновациялық оқыту технологияларының қатарында кейс-әдіс (case study methods) ерекше орын алады. кейс (негізі case сөзі ағылшын тілінде көптеген мағына береді, біздің жағдайда - «жағдай», «оқиға», «іс», «хал-ахуал» деген мағыналарда қолданылады) - қарастырылып отырған белгілі бір кезең аралығындағы шынайы хал-ахуалды нақты сипаттайтын оқиғалардың жиынтығын білдіреді.

Гарвардтық бизнес мектебі кейс әдісін былайша анықтайды: «студенттер мен оқытушылар өткен тақырыппен байланысы бар оқиғалар мен мәселелерді тікелей талқылауға қатысатын оқыту әдісі. Жазбаша түрде дайындалған мұндай кейстер кәсіпкерлік саласындағы жұмыс істейтін шынайы адамдардың өмірінен алынады, олармен студенттер етене тығыз танысып, кейстерді оқып, талқылайды. Кейстер оқытушының жетекшілігімен жүретін талқылауларға негіз болады. Сондықтан, кейстер бір жағынан оқу материалының ерекше түрі болса, екінші жағынан, осы материалдарды оқу процесінде қолданудың өзіндік әдісі саналады» [1].

Гарвардтық мектеп өкілдері кейс-әдісті бес кезеңге немесе тармаққа бөліп көрсетеді:

(қандай да бір мысалға алынатын оқиға, ахуал т.б.).

2. Сұрақтар (оқиғаның себептері, алғышарттары, қатысушылары т.б. Сұрақтар).

3. Гипотезалар (талқыланып отырған жағдайдың қалай өрбитінін долбарлау).

4. Дәлелдер мен іс-әрекеттер (белгілі бір ұстанымды негіздеу).

5. Альтернативалар (оқиға үрдісінің балама сценарийлерін жасау немесе жағдайды шешудің балама жолдарын ұсыну).

Кейс-әдісінде оқытушының міндеті - талқылауға қажет шынайы материалды таңдай білу, ал студенттерге қойылатын талап - талқылауға ұсынылған проблеманы шешудің жолдарын ұсыну, мәселенің даму келешегіне жоспар жасау, балама жолдар ұсыну. Интерактивті оқыту әдісі бола отырып, кейс әдісі студенттердің бойындағы позитивтілікті оятады, өйткені ол теориялық білімді тәжірибемен сабақтастыратын ойын түріне ұласады. нақты жағдайды талдау студенттің кәсіби шындалуына, өзін ересек сезінуіне, оқуға деген позитивті мотивацияға әсер етеді. Ал оқытушыға келсек, кейс әдісі оқытушының ойлау образын түрлендіреді, басқаша ойлау мен әрекет етуге итермелейді, өзінің шығармашылық ойлауын жаңалауға көмектеседі. Оқу процесі болса демократияланып, жаңғырады, оқытушы мен студенттер психологиялық тұрғыда ашылады, пікірталасқа түсіп ысылады, прогрессивті ойлау стилі қалыптасады, педагогикалық этика мен мотивацияға игі ықпал етеді.

Нәтижесінде - теориялық білім қолданбалық талдаумен, зерттеушілік дағдылармен ұштасады, студенттер түрлі

ойлар айтып, ұсыныстар жасап, ойдан жаңа ой туады. Мәселені шешудің түрлі жолдары, балама өрбу сценарийлері жасалуы мүмкін. Сол үшін оқытушы студенттерге пікталастыруға, дауласуға ықпал етуі тиіс, өзінің жеке ұстанымы мен ойларын студенттерге таңбауы қажет. Студенттер еркін ойлап, ой таластырып, пікір алмасып үйренуі тиіс. Бұл өз кезегінде әрбір студенттің өзіндік жұмыс істеп үйренуіне, дербес шешім қабылдауына, өз ойын дәлелдеуге, бастамашылық қабілеттерін арттыруға ықпал етеді. Оқытушы студенттердің пікірлеріне ешқандай тосқауыл қоймайды, бірақ ол студенттерге жауапкершілік туралы ескертеді, яғни, қабылдаған шешімдердің нәтижелері мен зардаптарына жауапкершілік болуы қажеттігін ұмытпауға шақырады. Яғни, студенттер шала-шарпы, ат үсті шешім қабылдамай, ойланып- толғанып, байыппен шешім қабылдауға үйренеді. әрбір айтылған ой мен қабылданған шешімнің жауапкершілігін сезінетін болады. Оқытушы талқылауға сылбыр қатысып отырған студенттерге арнаулы сұрақтар қойып, пікірталасты жандандырып отырады. Соның арқасында студенттер кейсті талдау процесіне толық жұмыла қатысады. Қажет тұсында оқытушы қорытындылар жасап, студенттерге бағыт-бағдар беріп отырады, мәселенің теориялық аспектілерін еске салады, тиісті әдебиеттерге сілтемелер жасап отырады. Кейс-стади әдісін қолдану технологиясы төмендегі 1-ші кестеде көрсетілген:

Жұмыс кезеңі	Оқытушының іс-әрекеті	Студенттің әрекеті
Сабаққа дейін	1. Кейсті таңдайды. 2. Студенттердің дайындалуына қажетті негізгі және	1. Кейс пен ұсынылатын әдебиеттер тізімін алады.

	қосалқы материалдарды анықтайды. 3. Сабақ сценарийін әзірлейді.	2. Сабаққа жеке-дара дайындалады.
Сабақ кезінде	1. Кейсті алдын ала талқылауды ұйымдастырады. 2. Топты шағын топтарға бөледі. 3. Шағын топтардағы студенттердің берілген тақырыпты талқылауына жетекшілік етеді, мәселенің мәнін ашуға керек болып жатса, оларды қосымша мәліметтермен қамтамасыз етеді.	1. Кейс пен оның ауқымындағы мәселелерді терең түсінуге көмектесетін сұрақтар қояды. 2. Шешімдердің түрлі нұсқаларын әзірлейді, басқалардың не айтып жатқанына назар аударып, мұқият тыңдайды. 3. Шешім қабылдайды немесе шешім қабылдауға қатысады.
Сабақтан кейін	1. Студенттердің жұмыстарын бағалайды. 1. Қабылданған шешімдер мен қойылған сұрақтарды бағалайды.	1. Берілген тақырып бойынша өткен сабақ нәтижесі туралы жазбаша есеп құрастырады. 2. Бір-бірін және өзін-өзі бағалайды.

Кейс пен жай материалдың айырмашылығы қандай деген сұрақ туындағанда, жалпытанылған пікір бойынша, кейсті анықтаудың мынадай критерийлері бар:

1. Қайнар көз. Кез келген кейсті құрудың қайнар көзі адамдар, яғни, қандай да бір оқиғаға арқау болған, шешуді талап ететін белгілі бір жағдайға душар болған адамдар.
2. Іріктеу процесі. Кейске қажет

ақпаратты іріктеу барысында оқудың мақсатына бағдар жасау керек. Мәліметтердің мазмұнына қатысты ортақ ұстаным жоқ, бірақ кейс тақырыпқа сәйкес әрі шынайы болуы шарт.

3. Мазмұны. Кейстің мазмұны да оқу мақсатына толық сәйкес келуі керек. Кейс қысқа немесе ұзақ, нақты немесе жалпы болуы мүмкін. Аса кең ауқымды немесе қарастырылатын тақырыпқа тікелей қатысы жоқ ақпараттан аулақ болған жөн. Негізі, кейс мөлшерлі ақпарат ретінде болғаны дұрыс, студент мәселенің мәнін тез ұғынып, оны шешуге қажетті деген негізгі мәліметтерді алса да жеткілікті.

4. Аудиторияда тексеру. Бұл - жаңа кейсті тікелей оқу процесінде апробациялау аудиторияның кейске деген реакциясын тексеру. Реакция әсерлі болған сайын кейс те қызық болады. Сонымен қатар, жаңа аудиторияға бұрынғы талқыланған кейсті ұсынып, ол қандай реакция туындататынын байқап көруге болады. Кейске деген студенттердің реакциясын тексеру оқытуды барынша нәтижелі етуге көмектеседі.

5. Ескіру процесі. Көптеген кейстер уақыт өте келе ескіреді, өйткені жаңа жағдай жана кейсті талап етеді. Тарихқа негізделген кейстер тез қабылданады, бірақ оларды талқылау белсенді жүрмейді. Себебі, «бұрынғы заманда болып кеткен» оқиғалардан гөрі бүгінгі таңда жүріп жатқан оқиғалар өзекті әрі маңыздырақ. Сондықтан оқытшы кейстің өзектілігіне, заманауилығына, маңызына ерекше мән беруі тиіс [2].

Кейс стади жағдаяттар әдісінің идеялары:

- әдіс қойылған сұрақтардың бірнеше жауаптары бар болуы мүмкін болатын пәндерден білім алуға арналған;

- үйрету объектілерінің бірлесе шығармашылықпен айналысу дағдыларын қалыптастыруға негізделеді;

- әдісті қолданудың нәтижесі болып алған білімдері мен жұмыс жасау барысында қалыптасқан дағдылары есептелінеді.

Кейс-технологияларға жататын әдістер:

- жағдайды талдау әдісі;
- инцидент әдісі;
- рольдік ойындар әдісі;
- іс хабарды талдау әдісі;
- ойындық жоба;
- дискуссия әдісі

Кейс стади жағдаяттар әдісінің 5 кезеңі:

1 кезең – жағдаятпен танысу, оның ерекшелігі;

2 кезең – мәселені анықтау, әсер ететін факторлар мен объектілер;

3 кезең – ой доданы ұйымдастыру үшін тұжырымдаманы, ойларды ұсыну;

4 кезең – шешім қабылдау алдындағы талдау жұмысы;

5 кезең – кейстің шешімі – бірнеше нұсқадағы шешім, шешімдерге байланысты туындайтын мәселелерін ескеруді атау.

Кейс әдісі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің өсуіне, оның икемділігіне, жасампаздық іс-әрекетіне қол жеткізетін әдіс [3].

«Кейс стади» әдісі - оқытушының креативті ойлауын дамытып, сабақтың мазмұнын ерекше құруға шығармашылық мүмкіндігін кеңейтуге жағдай жасайды. Тұлға құзіреттілігін дамыту-ұстаздың құзіретті тәсілдерді меңгертуі, білім беру мазмұнын жетілдіру, оның оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу. Соған қарай ұстаздардың алдында тұрған міндет; табысты және әрекетке дайын қабілетті,

өзіндік білім алуға, қоғамдық өмірде өзін-өзін жан-жақты таныту үшін өз білімін пайдалана алатындай жастарды тәрбиелеу [4].

Студенттерге қарапайым және күрделі мәселелерді түсінуге көмектесу үшін жағдайлық есептер қолдануға болады. Олар әдетте студенттерге «Сіз бұл жағдайда не істер едіңіз?» сияқты сұрақтарды басшылыққа алатын жағдай немесе сценарий ретінде ұсынылады. немесе «Сіз бұл мәселені қалай шешер едіңіз?» Табысты кейс зерттеулері курс мазмұнына сәйкес және «студенттер қызығушылықтары мен тәжірибе деңгейіне» сәйкес келетін проблемалық жағдайларға бағытталған.

Кейс-стади студенттер рөлдік ойындар мен егжей-тегжейлі жоспарлауды қажет ететін күрделі сценарийлердің шешімін «жұмыс істейтін» қарапайым есептер болуы мүмкін. Кейс зерттеулері әдетте командаларды қамтиды, бірақ істер жеке жүргізілуі мүмкін. Жағдайлық есептер көбінесе «бір дұрыс жауаптың» болмауы ұсынылатындықтан, кейбір студенттер өз құрдастарына қарағанда баламалы ойлауға мәжбүр болуы мүмкін. Дегенмен, дұрыс жоспарланған жағдайда жағдайлық есептер студенттерді проблеманы шешуге және шығармашылық шешімдерді табуға тиімді тарта алады.

Пенн Стейт Университетінің Технологиямен оқыту және оқыту бөлімі сабақта пайдалану үшін кейстерді жоспарлау кезінде келесі элементтерді ұсынады.

Жағдайлық есептер студенттерді белсенді түрде тартады, өйткені олар «нақты өмірлік» жағдайларда кездесетін мәселелермен жұмыс істейді және мұқият жоспарлау арқылы барлық оқу пәндерінде қолданылуы мүмкін.

1. Нақты әлем сценарийі. Істер әдетте нақты әлемдегі жағдайларға негізделген, дегенмен кейбір фактілер сценарийді жеңілдету немесе «кінәсізді қорғау» үшін өзгертілуі мүмкін.
2. Қолдау деректері мен құжаттары. Тиімді кейс тапсырмалары, әдетте, студентке талдау үшін нақты әлемдегі жағдайларды қамтамасыз етеді. Бұл қарапайым деректер кестелері, URL мекенжайларына сілтемелер, дәйексөздер немесе айғақтар, растайтын құжаттар, суреттер, бейне, аудио немесе кез келген сәйкес материал болуы мүмкін.
3. Ашық мәселе. Кей тапсырмалардың көпшілігі студенттерден ашық сұраққа жауап беруді немесе бірнеше ықтимал шешімдері бар ашық мәселенің шешімін әзірлеуді талап етеді. Талаптар бір абзацтан тұратын жауаптан толық әзірленген топтық іс-қимыл жоспарына, ұсынысқа немесе шешімге дейін болуы мүмкін [5].

Кейс тапсырмалардың көпшілігі студенттерден ашық сұраққа жауап беруді немесе бірнеше ықтимал шешімдері бар ашық мәселенің шешімін әзірлеуді талап етеді. Қорытып айтар болсақ, кейс-әдісін қолдану оқытушының жаттықтырушы немесе нұсқаушы ретінде жұмыс істей білуін қажетсінеді. Алайда, кейстік-әдіс әмбебап оқыту әдісі емес, ол тек интерактивті инновациялық оқыту әдістерінің бірі ғана. Сондықтан, бұл әдіс негізінен семинар сабақтарын жүргізгенде, оқытушы студенттердің өзіндік жұмыстарын қабылдаған кезде кейбір

тақырыптарды (кейстік әдісті қолдануға сұранып тұрған мәселелерді талқылағанда) қолданған ұтымды.

Әдебиеттер тізімі

1. Ellet w. The case study handbook: how to read, discuss, and write persuasively about cases. Harvard business school publishing corporation, 2007. // [http://www.academia.edu/8050389/how to analyze a case the case study handbook how to read discuss and write persuasively about cases harvard business](http://www.academia.edu/8050389/how_to_analyze_a_case_the_case_study_handbook_how_to_read_discuss_and_write_persuasively_about_cases_harvard_business)
2. Кейс-әдіс (Case study methods) - инновациялық оқыту технологиясы ретінде /С.Ш. Мұсатаев // Білім беру бағдарламаларын жаңғырту: аккредитация және кадрлар дайындау сапасының кепілі : 46- ғыл.- әдістемелік конф. материалдары (14-15 қаңтар 2016 ж.). - 3-кітап.- 199-202 б. Алматы, 2016.2.
3. Покушалова Л.В. Метод case-study как современная технология профессионально-ориентированного обучения студентов // молодой ученый. -2011. -№5. Т.2. -с. 155-157 .
4. Багирова И.Х., Бурыхин Б.С. Кейс-стади как интерактивный метод в образовании студентов // вестник томского государственного университета. Экономика. -2012. -№ 3. -с. 119.
5. Долгоруков А. Метод case-study как современная технология профессионально-ориентированного обучения. – url: <http://www.evolkov.net/case/case.study.html>